

Бекітемін:

ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы

Әдіскері: *Б.Б.Б.* Ж. Балтабаева

19 тамыз 2025 жыл

Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы

Топ: "Жұлдыз" сресек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Педагогтың аты-жөні: Бүбешанова Т.Д

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл I апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.09.2025ж	Сейсенбі 02.09.2025 ж	Сәрсенбі 03.09.2025ж	Бейсенбі 04.09.2025ж	Жұма 05.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жағдайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелету, дербес және басқалары)	Қаржылық сауаттылық «Банк» Бір бала банк қызметкері, басқалары клиенттер болады. Балалар өз дөңгелектерін банкке «сақтауға қояды». Кейін «дүкенге бару үшін» банкке келіп: – «Маған ақшамды беріңізші» дейді. Қызметкер тиісті дөңгелегін қайтарады. Егер клиенттің ақшасы болмаса, ол зат ала алмайды. Осылайша балалар «ақша бар – сатып аламын, ақша жоқ – сатып ала алмаймын» ұғымын меңгереді.	Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы «Жақсы – Жаман» Мақсаты: Балаларды адалдыққа, дұрыс пен бұрысты ажырата білуге, жақсы қылықтарды таңдап үйренуге тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: Суреттер немесе карточкалар (мысалы: Бала гүлді суарып тұр. Бала достарына ойыншық беріп тұр. Бала қоқысты жерге тастады. Бала өтірік айтып тұр, т.б.) «Күн» және «Бұлт» суреті (немесе смайликтер) Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға суретті көрсетіп: – «Балалар, мына бала не істеп жатыр? Бұл дұрыс па, бұрыс па?» – деп сұрайды. Егер іс-әрекет жақсы болса (адал, қайырымды, таза, еңбекқорлық), балалар суретті «Күннің» қасына қояды. Егер іс-әрекет жаман болса (өтірік, ұрыс, коқыс тастау, алдау), балалар суретті «Бұлттың» қасына қояды. Әр сурет бойынша қысқа әңгімелесу жүргізіледі: – «Недіктен бұл жақсы іс?» – «Бұл әрекет неге жаман?»	Экологиялық тәрбие «Қоқыс қайда кетеді?» Мақсаты: Балаларға табиғатты қорғауды, қоқысты дұрыс сұрыптауды үйрету. Құрал-жабдықтар: Әртүрлі суреттер немесе ойыншықтар (пластик бөтелке, қағаз, алма қабығы, гүл, бөтелке қақпағы, т.б.) Екі қорап (біреуін «Қайта өңдеу», екіншісін «Қалдық» деп жазып қоюға болады, суретпен белгілесе де жеткілікті). Тәрбиеші балаларға қораптарды көрсетіп: – «Балалар, коқыстар әртүрлі болады. Кейбірін қайтадан пайдалануға болады, ал кейбірін болмайды. Қайта өңдеуге жарайтынды осы қорапқа саламыз, ал жарамайтынды мына қорапқа саламыз», – деп түсіндіреді. Балаларға әртүрлі заттардың суреттерін немесе ойыншықтарды береді. Балалар затты таңдап, қай қорапқа салу кергін шешеді.	Адалдық әліппесі «Дос болайық бәріміз» <i>Ойынның мақсаты:</i> ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұралы да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы калыпта олар әртүрлі келергілерді еңсереді: – орындыққа көтерілу және түсу; – үстелдің астынан өту; – «көлді» айналып өту; – «ну орман» арқылы өту; – «жабайы жануарлардан» жасырыну. Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.
Ертенгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдау, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбір» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлесу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің			

	енбек әрекеті, «Үнемі тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, нұсқау аударту орнындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Кестеге сәйкес ҮІӘ	Қазақ тілі «Ертегілер әлемінде» Тілдік дамытушы орта: «Бауырсақ», «Шалқан» сияқты таным ертегілерді сурет бойынша қайталап айту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән қ, ғ дыбыстарын дұрыс айту (сөздер: «қой, қасқыр, қарыш, ғылым»). Сөздік қор: «Қоян, қасқыр, түлкі, аю». Грамматикалық құрылым: Жіктеу («Қоян секірді», «Түлкі алдады»). Байланыстырып сөйлеу: Ертегіні кейіпкерлер бойынша бөліп әңгімелеу «Әуен көңілді ме?» Музыка Музыка тыңдау: Көңілді марш тыңдату. Әуеннің көңіл-күйін ажырату. Ән айту: «Біз ойнаймыз» әнін шапшаң ырғақта айту. Қимыл: Марш жүрісін жасау.	Дене тәрбиесі «Жүгіріп ойнаймыз» ЖДЖ: Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу; еңкею, шалқан. Негізгі қимыл: Біркалыпты жүгіру, жүруді жүгірумен алмастыру. Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағымен жүгіруді баулатып, тоқтау. Ұлттық ойын: «Орамал тастау». Мәдени-гигиеналық дағды: Тісті тазалау. Сауықтыру шарасы: Серуен кезінде жеңіл жүгіру. Вариативтік компонент “Хореография” Маман жоспарымен	Музыка «Музыка тыңдай білейік» Музыка тыңдау: Баяу вальс тыңдату. Балалар әуенді соңына дейін тыңдап, әсерімен бөліседі. Ән айту: «Қошқарым» әнін мәнерлеп айту. Қимыл: Әуенге сәйкес аяқтан аяққа тербелу, қолды жай қимылдату. Аспап: Сылдырмақпен ырғақты жағу.	Дене тәрбиесі «Кедергіден өтеміз» ЖДЖ: Алға еңкею, қолдың ұшымен аяқтың ұшына жеткізу; аяқ ұшымен көтерілу. Негізгі қимыл: Жолақ үстімен жүру, кедергілерден аттап өту. Ырғақтық жаттығу: Музыка ырғағымен секіру. Ұлттық ойын: «Соқыр теке». Мәдени-гигиеналық дағды: Ас құралдарын дұрыс пайдалану. Сауықтыру шарасы: Күн сәулесімен шынығу.	

	Аспан: Қоңырауды ыргакпен соғу. Би: Балалар қатарға тұрып, шапшаң қимылдар орындайды.				
	«Менің балабақшаммен танысу» Тіл дамыту және көркем әдебиет«Сықырлы қыпшық» ойыны, п, б, м дыбыстары, «Балабақшам – екінші үйім» өлеңі. Қазақ тілі – қ, г дыбыстарымен сөздер айту, санамақ жаттау. Математика негіздері – «Түрлі-түсті пойыз» әдісі, «көп – аз» ұғымын бекіту. Қоршаған әлеммен таныстыру – «Менің топ бөлmem» таныстыру, еңбек құралдарының атауын үйрету.	«Менің достарым» Тіл дамыту және көркем әдебиет«Жүппен әңгіме», ж, ш, з дыбыстары, достық тақпағы. Қазақ тілі – о, ү дыбыстары бар сөздер айту, «санамақ-доп» әдісі. Математика негіздері – «Жыныға қонақ шақыр» ойыны. Қоршаған әлеммен таныстыру – «Достық гүлі» құрастыру.	«Менің тәрбиешім және еңбек» Тіл дамыту және көркем әдебиет«Кім не істейді?» ролі, л, р, и дыбыстары, «Еңбек түбі – берекесі» макалын таңдау. Қазақ тілі – ұ, і дыбыстарын сөз ішінде айту, «Тәрбиеші – бізге дос» тақпағы. Математика негіздері – ұзын-қысқа, жуан-жіңішке салыстыру, геометриялық пішіндерден құрастыру. Қоршаған әлеммен таныстыру – «Тазалық патрулі» ойыны: бөлме тазалау, гүл суару.	«Менің балабақшам – екінші үйім» Тіл дамыту және көркем әдебиет«Қиял әлемі» әдісі, «Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Қазақ тілі – қ, г, ө дыбыстарымен сөздер айту. Математика негіздері – кеңістікте бағдарлау: оң-сол, үстінде-астында; уақыт бөліктері. Қоршаған әлеммен таныстыру – «Менің Отаным – Қазақстан» слайд, қалалар атауы. Шығармашылық	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасалған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді				

	тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абылай жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойынамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспей, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру			
Күнделігі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігімен ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа ілін (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Ең төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)			
Біртіндеп ұйқыдан өйту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп өйту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен өйту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жалаңаштармен жұру арқылы табан массаажін жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қалау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).			
Бесін ас	Ересектің бақалауымен бетін, қолдарын дастанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту. Ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үтітпей, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа тоқтырып сөйлемеу. Тамақтаным болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, жезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемі тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті- рольдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау және басқалары)	сурет салу (дәстүрден тыс: трафарет пен ғұбка), жапсыру: «Балабақша терезелері», құрастыру: дего гимарат, мүсіндеу: ойыншық. Қимыл-қозғалыс – «Топқа жиналайық» ойыны.	сурет салу (дәстүрден тыс: саусақпен сурет), жапсыру: «Достар ойыны», құрастыру: «Ойын алаңы», мүсіндеу: «Досқа сыйлық». Қимыл-қозғалыс – «Достармен шеңбер құрайық».	сурет салу (дәстүрден тыс: жіппен сурет), жапсыру: «Балабақшадағы гүлдер», құрастыру: үстел, мүсіндеу: ас үй ыдыстары. Қимыл-қозғалыс – «Жина да, қой» ойыны.	сурет салу (дәстүрден тыс: жүммен сурет), жапсыру: «Балабақша ауласы», құрастыру: табиғи материалдардан макет, мүсіндеу: гимарат. Қимыл-қозғалыс – «Менің сүйікті ойыным».
Балалармен жеке жұмыс	«Ойыншық кімге ұқсайды?» (Сөйлеуді дамыту) Баладан ойыншығын сипаттап айтқызу (түсі, пішіні, қимылы).	«Қуыршақ қайда отыр?» (Қазақ тілі) Ойыншықты үстелдің үстіне, астына, қасына қойып, балаға сөзбен айтқызу.	«Санамақ ойыншықтар» (Математика) Ойыншықтарды бір қатарға қойып, бірге 1–5 дейін санау.	«Санамақ ойыншықтар» (Математика) Ойыншықтарды бір қатарға қойып, бірге 1–5 дейін санау.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне- өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру			

Серуен	«Күтқарушылар» Мақсаты: Жылдамдық пен мақсатқа жету дағдысын қалыптастыру. Шарты: «Күтқарушылар» (балалар) «зардан шеккендерді» (ойыншықтар) белгіден ең аймақтан тасып әкеледі. Уақытпен жарысады.	«Келергілер жолағы» Мақсаты: Еңгілік, тәжімділік, келергіден өту техникасын дамыту. Шарты: Балалар секіру, еңбектеу, айналып өту сияқты бірнеше келергіден өтеді.	«Келергілер жолағы» Мақсаты: Еңгілік, тәжімділік, келергіден өту техникасын дамыту. Шарты: Балалар секіру, еңбектеу, айналып өту сияқты бірнеше келергіден өтеді.	«Сана жет» Мақсаты: Жүгіру жылдамдығын және сандық білімін дамыту. Шарты: Алаңға сандар қойылады. Тәрбиеші сан айтады, балалар сол санға жүгіріп барады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).			
Кешкі ас	Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру; нанды үтітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қалағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күн бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз. Бүтінгі бақшадағы қызықтары туралы әңгімелесіп, сұрақ қойыңыз. Бірге үстел үсті ойын ойнап, логикасын дамытыңыз. Бірге сурет салып, күннің әсерлерін бейнеленіз. Үйге қайтқанда баланың күнін сұрап, жақсы жасаған ісін міндетті түрде мақтаңыз. «Саған ең ұнаған іс не болды?» деп сұрап, сөйлесуге уақыт бөліңіз. Үйге келгенде баланы құшақтап, жылы сөз айтыңыз. Бала жасаған суретін, қолөнерін бірге тамашалаңыз.			